

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы талдамалық АНЫҚТАМАСЫ:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге негіздеме :

- 1) Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл туралы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410 - V Заңы;
- 2) «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 65 бабының 3-тармағы;
- 3) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл агенттігі Төрағасының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 19 қазандағы 2016 жылғы №12 бұйрығы;
- 4) №4 Атырау қалалық емханасының 2025 жылғы 5 маусымдағы №153 бұйрығы;

2.Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге жататын мекеменің (объектінің) атауы : «Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының « №4 Атырау қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының әкімшілік-шаруашылық бөлімі;

3. Ішкі талдаудың бағыттары :

Ұйымдастырушылық - басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

1. Емхананың қабылдау бөлімінің кіріс және шығыс құжаттарына қатысты зерделеу жұмыстарын жүргізу;

4.Жұмыс тобы : 1. Гаймназар Юлдашович Джуманиёзов (директордың емдеу ісі жөніндегі орынбасары - төрағалық етуші); 2. Райгул Сайлауовна Карабасова (бас мейірбике); 3. Куат Махмутжанович Жуманалиев (комплаенс-офицері);

5.Ішкі талдау жүргізу мерзімі:«5» маусым 2025 ж.-«30» маусым 2025 жыл.

6.Ішкі талдау қамтыған кезең:«4» қаңтар 2025 ж .- «30» маусым 2025 жыл.

№4 Атырау қалалық емханасы қызметіне қатысты басшылыққа алынған нормативтік - құқықтық актілер : ШЖҚ КМК «№4 Атырау қалалық емханасы» өз қызметінде келесідей заң нормаларына сүйенеді: ҚР Азаматтық Кодексіне, ҚР «Құқықтық актілер туралы» заңы, «Мемлекеттік сатып алу туралы » ҚР заңы. «Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI Кодексі; «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан

Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 25 тамыздағы № 236 бұйрығы;

№4 Атырау қалалық емханасының кіріс және шығыс құжаттарын жүргізудегі заңдылықтың сақталуы:

«Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының « №4 Атырау қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына 2025 жылдың 4 қаңтарынан бастап 30 маусымына дейін мерзім аралығында кіріс 1357 хат тіркелген, шығыс 1191 хат тіркелген, жеке тұлғалардан 85 арыз шағым тіркелген оның 59 е-өтініш арқылы түскен.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі- ҚРӘрпк) 63-баптың 2-тармағына сәйкес жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), жеке сәйкестендіру нөмірі (ол болған кезде), пошталық мекенжайы не заңды тұлғаның атауы, пошталық мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі (ол болған кезде); жолданым берілетін әкімшілік органның, лауазымды адамның атауы; жолданымның мәні; жолданымның берілген күні; арыз иесінің немесе оның өкілінің қолы; Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де мәліметтер көрсетіледі-деп көзделген. Алайда емханаға келіп түскен арыз шағымдарды зерделеу барысында ҚРӘрпк 63-баптың, 2 - тармағының талаптары мүлдем сақталмайтындығы анықталып отыр.

Шығыс құжаттарын зерделеу барысында «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 25 тамыздағы № 236 бұйрығының талаптары сақталмайтындығы анықталып отыр. Атап көрсеткенде 236 – қағиданың, 18-тармағында Ұйым (оның ішінде филиал, өкілдік) атауы құрылтай құжаттарына сәйкес ұйымдық-құқықтық нысаны көрсетілген атауды қамтиды. Ұйымның (оның ішінде филиалдың, өкілдіктің) қысқартылған атауы тек ол құрылтай құжаттарында бекітілген жағдайда келтіріледі және толық атауынан төмен жақша ішінде орналастырылады-деп көзделген. Емхананың құрылтай құжаттарында мекенің атауын қысқартып жазылуы көзделмеген.

Осыған орай, қызметкерлердің жазған өтініштері, арыздары, шағымдары, қызметтік хаттары, мәлімдемелері 236-қағиданың, 18-тармағының талаптарына сәйкес келмейді деген тұжырымдауға толық негіз бар.

Шығыс хаттарда орындаушысы жазылмаған, тиісті интервалдар сақталмайтындығы, мекеме атаулары атау септігінде ал лауазымы тегі, аты- жөні барыс септігінде жазылу қағидалары сақталмаған.

Анықтама:

-№4 қалалық емхана тексеріс тобымен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезінде, сыбайлас жемқорлыққа жол ашатын әрекеттер анықталмады;

-Осы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қорытындысы №4 Атырау қалалық емхананың ресми сайтында жариялануға жатады;

Ұсыныс:

-Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдай жүргізу №4 Атырау қалалық емханасымен жоспарлы әр тоқсан сайын жүргізілсін.

- Емхана ұжымына Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі және Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 25 тамыздағы № 236 бұйрығы бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілсін ;

- Емхананың іс-жүргізушісі Ақмарал Джумалиева Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 25 тамыздағы № 236 бұйрығы және мекемеде іс жүргізу бойынша біліктілік артыру курсына оқытылсын;

-Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасына №4 Атырау қалалық емханасының заңды тұлға ретінде құрылтай құжаттарына толықтырулар енгізуге ұсыныс берілсін;

1. Г.Ю.Джуманиёзов (директордың емдеу ісі жөніндегі орынбасары - төрағалық етуші) Мамин

2. Р. С. Карабасова (бас мейірбике) Карабасова

3. К.М.Жуманалиев (Комплаенс офицері) Жуманалиев